

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.IV. - Б. 134-136

ТЕРРИТОРИЯНЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-ЛАНДШАФТТЫҚ НЕГІЗДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амантай І.Ж., 2 курс магистранты.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазіргі уақытта экономикалық тұрғыдан алғанда, қоғамның өмір сүру жағдайларын анықтайтын негізгі кешендердің бірі, агроөнеркәсіптік кешен болып табылады. Себебі ол жалпы халықтың азық-түлік қажеттіліктерін қанағаттандыру және оларды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету кезінде ерекше рөл атқарады. Бұл кешен осындай рөл атқаратындықтан, жерге орналастыру әдістерін қолдану арқылы, ең алдымен жерді дұрыс пайдалануды ұйымдастыру қажет. Ал жерді ұтымды пайдалану, еңбекті дұрыс ұйым-дастыру, сонымен қатар ауылшаруашылық техникаларын тиімді қолдану ауылшаруашылық кәсіпорындарының территориясын реттестіруге мүмкін емес[2].

Территорияны жерге орналастыру әдістерімен ұйымдастыру жер ресурстарын экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беретіндей жер пайдалану жүйесін құру[3]. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының территориялық ұйым-дастырылу құрылымы тікелей шаруашылықаралық және әсіресе, ішкішаруашылық жерге орналастыру кезінде қалыптасады. Бұл ретте экологиялық қолайлылыққа қол жеткізу үшін ландшафттың өзіне тән қасиеттері пайдаланылып қана қоймай, агроландшафттарды ұйымдастыруға да елеулі өзгерістер енгізіледі. Ішкішаруашылық жерге орналастыру ауылшаруашылық өндірісінің мақсаттары үшін және олардың әсерінен қалыптасатын агроландшафттардың түрленуіне әсерін тигізеді. Агроландшафттарды қайта түрлендіру шаруашылықтың өндірістік орталықтарын, инфрақұрылым элементтерінің орналасуын, алаптар мен ауыспалы егістердің құрамын ұйымдастыруға, ауыспалы егістер мен мал азықтық алаптарының территориясын орналастыруға ықпалын тигізеді. Тиісінше, ішкішаруашылық жерге орналастырудың бұл құрамдас бөліктері егжей-тегжейлі экологиялық және ландшафттық негіздеулерді қажет етеді. Демек, осыған байланысты ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларын әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Ішкішаруашылық жерге орналастыру жобалары қазіргі кездегі қалыптасқан агроқұрылымдардың бүкіл территориясын, әсіресе ауыл шаруашылық алаптарын барынша ұтымды және тиімді пайдалануды ұйымдастыру және жер пайдаланушылардың экономикалық мүдделеріне қол

жеткізу мақсатында әзірленеді. Бұл жобалардың негізгі мазмұны территорияның тиімді ұйымдастырылуын белгілеуді және оны экономикалық, техникалық, экологиялық есептеулермен негіздеуді қамтиды.

Әрдайым ауылшаруашылық өнімдерінің максималды мөлшерін алуға ұмтылуға байланысты жалпы жер алаптарына келетін жүктеменің ұлғаюы жер құрылымының жекелеген аймақтарының пішіні мен көлемінің өзгеру процесіне, агроландшафттардың негізгі элементтерінің тепе-теңдігінің жойылуына әкеліп соғып, бұл өз кезегінде қоршаған ортаны қалпына келтіру барысында елеулі дағдарыстар тудырады. Ал мұндай жағдайда, егер жер пайдаланушылықтар нақты орналасқан аймақтарының табиғи климаттық ортасына бейімделмеген болса, олардың экологиясы мен өндірістік технологиялары арасындағы өзара қарым-қатынастар шиеленісе түсуі мүмкін[8]. Сондықтан ауылшаруа-шылық кәсіпорындар территориясын реттестіру барысында, экономикалық тиімділікке қол жеткізу, жердің өнімділігін арттыру, айнала қоршаған ортада экологиялық тепе-теңдік жағдайды сақтау үшін, олардың табиғи ресурстарын бір бағытқа жұмылдыру қажет.

Айтылған сөздің арнасында қазіргі кездегі антропогенді факторлардың табиғи ортаға қарқынды әсер етуінің салдарынан жердің тозуының күшеюіне, олардың экологиялық жағдайы мен сапасының нашарлауына байланысты, ауылшаруашылық кәсіпорындар территориясын ұтымды пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру кезінде жердің табиғи қасиеттері жақсы ескерілетін экологиялық-ландшафттық негізде реттестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Территорияны экологиялық-ландшафттық негізде ұйымдастыру - бұл нақты өндірістік, әлеуметтік және экологиялық мақсаттарға сәйкес келетін, өзінің бірегей, яғни алаптардың оңтайлы арақатынасы, егістіктердің құрылымы және т.б. қасиеттері бар ландшафттың тұрақты, орнықты, өздігінен қалыптасуын қамтамасыз ететін жерді пайдалану тәртібін белгілей отырып, жер пайдалануды қалыптастыруға немесе реттестіруге және оны белгілі бір жүйеге келтіруге әкелетін жерге орналастырулық іс-қимылдардың жиынтығы[5].

Жерге орналастыру процесінде территорияны экологиялық-ландшафттық ұйымдас-тырудың негізгі міндеті, жоғарыда айтылғандай сол территорияның ресурстарын бір бағытқа жұмылдыру, ландшафттардың ең алдымен, агроландшафттардың тұрақтылығын сақтау немесе деградацияға ұшыраған ауылшаруашылық алқаптарының тұрақтылығын арттыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта жерді және табиғатты қорғау іс-шараларын әзірлеу кезінде территорияның топографиялық зерттелуі, топырақ, геоботаникалық, жерге орналастыру зерттеулері, жерді ішкішаруашылық бағалау, жердің эрозиялық қауіптілігі материалдары негізінде анықталатын ландшафт компоненттерінің жалпы сипаттамалары пайдаланылады[5]. Дегенмен, агроландшафттардың құрылымын сақтау мен арттыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау үшін бұл ақпараттар жеткіліксіздеу. Сондықтан агро-

ландшафттардың шекаралары мен құрылымы, олардың нақты жағдайы туралы, сонымен қатар әртүрлі технологиялар мен агротехникалық әдістердің оңтайландыру мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі бағалау, жергілікті топырақ-климаттық және ауарайы жағдайларының ерекшеліктері, олардың әсеріне, өсірілетін өсімдіктердің түрлері мен сорттарының, бейімделу ерекшеліктері туралы ақпараттар қажет.

Осы мәселелердің шешіміне, жерге орналастыру процесінде теориялық және әдістемелік сипаттағы келесідей бірқатар қағидаларды орындау арқылы территорияны тиісті деңгейде экологиялық-ландшафттық ұйымдастыруға қол жеткізуге болады.

Біріншіден, ландшафттарды саралау заңдылықтары туралы және ландшафттардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін территорияны ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерін жобалауға қажетті олардың өзара байланыстарының сипаты мен морфологиялық бөліктерінің өзара орналасуы жөніндегі ақпараттар болуға тиіс; екіншіден, ландшафттарға түсетін шекті антропогендік жүктемелерді анықтау әдістерін әзірлеп, дамыту; үшіншіден, территорияны экологиялық-ландшафттық негізде ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу.

Демек, территорияны реттестірудің әдеттегі әдістерімен салыстырғанда экологиялық және ландшафттық жерге орналастырудың артықшылығы, оның жалпы табиғатты пайдалануды дамыту талаптарына сәйкес келуі, яғни жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттер мен іс-шаралардың біртұтастығы, территориялық құрылымның жүйе құраушы элементтерін ұзақ уақыт сақтау, нұсқалардың алуан түрлілігі, жобалық шешімдер және т.б. болып табылады.

Қорыта айтқанда территорияны экологиялық және ландшафттық негізде ұйымдастырудың түпкілікті нәтижесі ландшафттар құрылымының тұрақтылығы мен өнімділігін қамтамасыз ететін жекелеген компоненттерінің қасиеттерін сақтаумен қатар, жерге орналастыруды осы бағытта жетілдіру нақты ауыл шаруашылығы кәсіп-орындарының мүдделеріне ғана емес, сондай-ақ ауылшаруашылығын дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бойынша мемлекеттік органдардың басқарушылық қызметін жетілдіру мақсаттарына да қызмет етуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Жер Кодексі 20 маусым 2003 ж. Алматы (2022.07.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2 Озеранская Н.Л. Внутрихозяйственное землеустройство агроформирований. - Астана: Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, 2017. - с.

3 Исаченко, А.Г. Ландшафтно-географические принципы оценки экологического состояния природной среды // География и современность /— СПб.: изд-во С.-Петербур. ун-та, 1995. — Вып. 7. — С. 18–44.

4 Эколого-ландшафтные основы формирования систем земледелия /Ю.Ф.Едигеичев [и др.]; Краснояр, гос, аграр. ун-т. Красноярск, 2016,162 с.

5 Чурсин А.И., Денисова Е.С. Методы исследования в ландшафтно-экологическом землеустройстве // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 1-3. – С. 652-655;

6 Nataliya Ozeranskaya, Tulegen Karbozov, Akerke Bekturganova, Bakhytgul Zhuparkhan, Valentina Kononova Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>

7 Новиков Д.В. Организация рационального использования земель сельскохозяйственного назначения на эколого-ландшафтной основе, Монография, Москва, 2009

8 Кененбаев С.Б. О возможности формирования адаптивно ландшафтных систем земледелия в Казахстане. II-я Международная конференция молодых ученых и аспирантов // «Актуальные проблемы земледелия и растениеводства». - Алматы, 2005. 8-11 б.

Ғылыми жетекші: к.э.н., доцент Карбозов Т.Е.